

*Қазіргі замандағы әлемдік
діндер*

*Әлемдік діндер: ислам,
христиан, будда*

Дін және мәдениет

О Дін — қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі. Дін адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм.

О Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады.

Діннің бастаулары

Дін (религия) - (латынның сөзі religio - тазалық, қасиеттілік, құдайға сенгіштік) құдайдың бар екендігіне негізделген дүниетаным мен тәртіптер жүйесі.

Бірте-бірте адамдар арасында адамның жаны оның денесінен бөлек өмір сүреді деген сенім қалыптасты, оны анимизм деп атайды

Кейінірек феодалдық қоғамның нығаюы нәтижесінде аса ірі діни жүйелер-буддизм, христиан және ислам діндері қалыптасты.

- О* Діннің ең алғашқы түрі- **фетишизм** (француз тілінен *fetich*- идол, тұмар). Ол жансыз дүниеге табыну нәтижесінде пайда болды.
- О* Діннің ең ежелгі түрі- **анимизм** (латын тілінен *anima* - жан)-жанның болатынына сендірсе, **тонемизм** - адамдар мен жануардың туыстығын дәлелдеуге тырысты.
- О* Қоғамның одан әрі дамуы ұлттық- халықтық діндерді – **политеизмді** тудырды.
- Ұлттық- халықтық діндердің қатарына иудаизмді, индуизмді, синтоизмді, конфуций ілімін жатқызуға болады.

Ислам діні

- Ислам (араб.: *إسلام*) — әлемдік монотеисттік-ибраһимдік дін. «Ислам» сөзі «бейбітшілік», (Аллаһтың заңдарына) «мойынсыну, бағыну». Ислам дінін ұстанушы жан мұсылман деп аталады.
- Ол б.д VII ғасырында Аравияда басқа діндерден бөлек әлеуметтік жағдайда қалыптасқан еді. Ислам Азия мен Африка халықтарының арасында кеңінен тарады.

О Ислам дінінің негізін салушы, есімі көзінің тірісінде аңызға айналған – Мұхаммед пайғамбар

О Ол өзінің шәкірттеріне айтып отырып, мұсылман діні қағидалары мен ережелерін жинақтаған «Құранды» жазғызды.

Ислам дініндегі басты қасиетті кітап – Құран Кәрім


Құран уахидың түскен жері мен уақытына байланысты меккелік және мединелік боп бөлінген 114 сүреден тұрады.

*«Лә иләһә илл-Аллаһ» куәлігі
жазылған байрақ*

0 Бұны барша мұсылман білуге міндетті



*Қазба - Ислам дінінде Құбыла, бүгінгі күнгі
Сауд Арабиясының Мекке қаласында
орналасқан.*



Будда діні

- 0 Үндістанда Бихар штатында б.д.д VI-V ғасырда құл иеленушілік қатынастар үстемдігі негізінде пайда болды. Будда дінің алғашқы кезеңінде адамдардың ауыр тұрмысын, олардың әлеуметтік жағдайларына қарамастан, рухани теңдік жолымен түзетуге тырысушылық тән болған еді.*
- 0 Алғашқы Солтүстік Үндістанда көптеген секталардың бірі болып қалыптасқан будда діні, кейін бүкіл Үндістанға, Оңтүстік Шығыс және Орталық Азияға кеңінен тарады.*

Будда діні

О Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша Будда дінін 1 млрд-қа жуық адам ұстанады. Будда діні фәни өмірдің азаптары — ауру, кәрілік, өлімнен құтылу жолын іздейді. Ол өмірдің қасіреті — нәпсінің тілегіне байланысты деді. Адамның денесі уақытша өмір сүреді. Ал нәпсі қанағатсыз тілегімен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет тугызады. Сондықтан нәпсінің тілегінен құтылу керек. Ол үшін төрт хақиқатты білу қажет: 1) өмір — азап; 2) азап нәпсіден туады; 3) нәпсіні ауыздықтаса — азаптан құтылады; 4) нәпсіден құтылудың төрт сатысы бар: а) жүректің оянуы; ә) ниет, ақыл, ойды түзету; б) мінез-құлықты түзету; в) адамға ғана емес, бүкіл жан иелеріне деген рақымшылыққа, махаббатқа жету



*Будда – будда дінінің негізін қалаған әулиенің
лақап аты.
Шын есімі – Гаутама Сиддһарtha.*

Христиан діні

- *Христиан діні-(грекше Χριστός, Khristos, сөзбе-сөз аудармасы мәсіхтелгендер) Христостың өмірі мен Жаңа Өсиет іліміне негізделген монотеистік, әлем бойынша ең көп таралған дін.*
- *Б.д.д. I ғасырда ол құлдар мен кедейлердің, Рим империясына бағынышты халықтарының арасында тарады.*
- *Христиан дінің басты идеялары- Иисус Христостың күнә кешу қызметі, Христостың адамдар арасында екінші рет оралуы, Азапты сот, аспанға жалбарыну, аспан патшалығының орнатылуы.*

Христиан діні

```
graph LR; A[Христиан діні] --- B[Католицизм]; A --- C[Провославие]; A --- D[Протестанттық];
```

Католицизм

Провославие

Протестанттық